

День работников сельского хозяйства отмечается в Республике Казахстан каждое третье воскресенье ноября. В этом году этот праздник выпадает на 19 ноября. Так в селе Астраханка прошло торжественное мероприятие, посвященное этому празднику. На сцене районного Дома культуры была проведена церемония награждения работников сферы сельского хозяйства от имени акима Астраханского района Талгата Ерсеитова.

В честь Дня работников сельского хозяйства, за вклад в социально-экономическое развитие района и многолетний, добросовестный труд благодарственным письмом и денежным подарком были награждены Белякова Нелля Владиславовна. Родилась и выросла в селе Приишимка, Астраханского района. Свою трудовую деятельность начала в качестве разнорабочей Новочеркасского маслозавода. Затем шесть лет работала на птицефабрике. В данное время - технолог сельскохозяйственного производственного кооператива «Нур-А», с.Новочеркасское. За время работ зарекомендовала себя как ответственный и квалифицированный работник, в коллективе всегда пользуется уважением, обладает такими качествами как аккуратность, терпение и отзывчивость. Имеет опыт и знания позволяющие выполнять поставленные задачи и добивается отличных результатов.

Также хочется рассказать и о Гилязитенове Акие Маскутжановиче, у которого большой трудовой стаж работы за плечами. В ТОО «Камышенка» он с

## ДЕНЬ РАБОТНИКОВ СЕЛЬСКОГО ХОЗЯЙСТВА



2006 года работает механизатором. За время работы зарекомендовал себя с положительной стороны. В коллективе

как аккуратность, терпение, отзывчивость, добродушие, всегда готов прийти на помощь в любой сложной ситу-



пользуется уважением и авторитетом. Не допускает сам и не терпит от других сотрудников нарушений. Всегда качественно выполняет поставленные задачи, благодаря таким качествам,

а именно благодаря труду таких людей, мы имеем возможность каждый день наслаждаться тем, что есть у нас на столе. Утверждая профессиональный праздник работников сельского

хозяйства, власти подчёркивали важность того труда, который вкладывают в развитие страны эти люди. Третье воскресенье ноября стало праздником для многих профессий. Это агрономы, садоводы, комбайнёры и трактористы,



доярки и другие труженики, специалисты и руководители сельскохозяйственных предприятий и ферм, учёные-агрономы, работники фермерских хозяйств, а также смежных отраслей, где производство конечного продукта напрямую зависит от поставок сельскохозяйственной продукции. Это праздник людей, от которых зависит наличие и качество того, что мы употребляем в пищу.

Торжественная часть награждения была продолжена концертом Кокшетауской филармонии с участием заслуженного деятеля Республики Казахстан, нашим земляком из села Жарсуат Жаната Есова.

**Ирина ГОРБАТЕНКО.**

## ҚҰРМЕТТІ АҚМОЛА ОБЛЫСЫ АСТРАХАН АУДАНЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ МЕН ҚОНАҚТАРЫ!

2023 жылдың 23-24 қараша аралығында Ақмола облысында «Қыс-2023» Республикалық командалық штабтық оқу-жаттығуы өтеді.

Оқу-жаттығу азаматтық қорғау қызметтері мен құралымдарының қысқы кезеңдегі ықтимал төтенше жағдайларды жою бойынша іс-қимылдарға дайындығын одан әрі жетілдіру және тексеру мақсатында өткізіледі. Оқу-жаттығу басшылығының штабы келесі мекенжай бойынша орналастырылады: Шортанды ауданы, Шортанды к., Абылай хан к-сі, 26А, Шортанды ауданының ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің «Ойын-сауық орталығы» КММ ғимараты. Байланыс телефоны: 8 (716-31) 3-51-60, 8 (7162) 33-29-76 Оқу-жаттығу басшылығының аудандық штабы Астрахан а., Әл-Фараби к-сі, 50 мекенжайы бойынша орналастырылады. Байланыс телефоны: 8 (716-41) 5-11-01.



## УВАЖАЕМЫЕ ГОСТИ И ЖИТЕЛИ АСТРАХАНСКОГО РАЙОНА АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ!

В период с 23 по 24 ноября 2023 года в Акмолинской области будет проводиться Республиканское командно-штабное учение «Қыс-2023».

Учение проводится в целях дальнейшего совершенствования и проверки готовности служб и формирований гражданской защиты к действиям по ликвидации возможных чрезвычайных ситуаций зимнего периода. Областной штаб руководства учением будет размещаться по адресу: Шортандинский район, п. Шортанды, ул.Абылай хана, 26А, в здании КГУ «Досуговый центр» отдела внутренней политики, культуры, развития языков и спорта Шортандинского района. Контактный телефон: 8 (716-31) 3-51-60, 8 (7162) 33-29-76. Районный штаб руководства учением будет размещаться по адресу: с.Астраханка, Аль Фараби, 50. Контактный телефон: 8 (716-41) 5-11-01.

## ХАЛЫҚ САНЫ 20 МИЛЛИОНҒА ЖЕТТІ

2023 жылғы 14 қарашада Қазақстан Республикасының халық саны 20 миллион адамға жетті.

20 миллионшы азаматтың туған күні барлық қолда бар демографиялық деректерді ескере отырып айқындалды: Қазақстан Республикасына тұрақты тұруға келген және одан шыққан, туғандар мен қайтыс болғандардың саны. Бұрын халық саны туралы мәліметтер қолмен өңделетін және бұл көп уақытты қажет ететін. Мемлекеттік ақпараттық жүйелердің интеграциясы бұл процесті жеделдетуге және 20 миллионшы азаматтың туған күнін жоғары дәлдікпен және қысқа мерзімде анықтауға мүмкіндік берді.

Халықтың деректер базасының көрсеткіштеріне сәйкес, 2023 жылғы 14 қарашада таңғы сағат 8.10-да туған 5 бала еліміздің 20 миллионшы тұрғыны атанды. Қазақстанның мерейлі азаматтары Ұлытау, Жетісу, Атырау, Ақмола және Түркістан облыстарында дүниеге келді. Олардың ішінде 3 ұл және 2 қыз бар. Естеріңізге сала кетейік, 1991 жылы Қазақстан Республикасының халық саны 16,4 млн адамды құрады. Тәуелсіздік жылдарында ел халқы 22,3% өсті. Мәселен, 2022 жылы 1991 жылмен салыстырғанда туу саны 353,2 мыңнан 403,9 мың адамға дейін немесе 14,7% өсті.

Бала туудың ең жоғары мәні 2021 жылы тіркеліп, 446 мың баланы құрады. Табиғи өсімнің артуы, оның ішінде нәресте өлімінің азаюы нәтижесінде қамтамасыз етілді. Жалпы өлім-жітім 1991 жылғы 8,20-дан 2022 жылы 1000 тұрғынға шаққанда 6,8 адамға дейін төмендеді. Сәбилер өлімінің коэффициенті 3,5-тен астам есе төмендеді, 1991 жылғы 27,3 жағдайдан 2022 жылы туылған 1000 адамға шаққанда 7,7 жағдайға дейін.

Халықтың 1000 адамға шаққандағы туу көрсеткішін көрсететін жалпы туу коэффициенті тәуелсіздік жылдарында 1991 жылғы 21,6-дан 2021 жылы 23,6-ға дейін өсті. 2022 жылы бұл көрсеткіш 20,7 болды. Ең маңызды демографиялық көрсеткіштердің бірі болып табылатын туудың жиынтық коэффициенті\* 1991 жылғы 2,7-ден 1999 жылы 1,8-ге дейін төмендеді. Кейіннен оның біртіндеп өсуі байқалды. 2022 жылы туудың жалпы коэффициенті 1 әйелге 3,05 баланы құрады.

Күтілетін өмір сүру ұзақтығы 1991 жылмен салыстырғанда 2022 жылы 6,8 жылға өсті, бұл ретте ерлер арасында 7,7 жылға, әйелдерде – 6 жылға өсті. Осылайша, 2022 жылы Қазақстанда күтілетін өмір сүру ұзақтығы 74,4 жылды құрады.

**Дереккөз: stat.gov.kz**

## АҚМОЛА ОБЛЫСЫ АСТРАХАН АУДАНЫ ОСТРОГОРСК АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНЕ КАНДИДАТТАРДЫ ТІРКЕУ ТУРАЛЫ АСТРАХАН АУДАНЫ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ХАБАРЛАМАСЫ

Астрахан аудандық аумақтық сайлау комиссиясы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 113-5-бабына сәйкес келіп түскен құжаттарды қарап шешті:

### АҚМОЛА ОБЛЫСЫ АСТРАХАН АУДАНЫ ОСТРОГОРСК АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНЕ КАНДИДАТТАР РЕТІНДЕ ТІРКЕЛСІН:

1. Абдрахман Рұстам Асылбекұлы, 1980 жылы туған, ММ Астрахан аудан әкімі аппараты жұмылдыру дайындығы, азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлар бөлімінің басшысы, Астраханка а.
2. Жанабеков Нурлан Аблаевич, 1978 жылы туған, Астрахан ауданы әкімінің аппараты ММ, Астрахан ауылдық округі әкімінің орынбасары, Астрахан ауылы.
3. Мухамеджанов Талгат Сейтжанович, 1962 жылы туған, өзін-өзі жұмыспен.

## СООБЩЕНИЕ АСТРАХАНСКОЙ РАЙОННОЙ ТЕРРИТОРИАЛЬНОЙ ИЗБИРАТЕЛЬНОЙ КОМИССИИ О РЕГИСТРАЦИИ КАНДИДАТОВ В АКИМЫ ОСТРОГОРСКОГО СЕЛЬСКОГО ОКРУГА АСТРАХАНСКОГО РАЙОНА АҚМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ

Рассмотрев поступившие в соответствии со статьей 113-5 Конституционного закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан» документы, Астраханская районная территориальная избирательная комиссия **решила**:

### ЗАРЕГИСТРИРОВАТЬ КАНДИДАТОВ В АКИМЫ ОСТРОГОРСКОГО СЕЛЬСКОГО ОКРУГА АСТРАХАНСКОГО РАЙОНА АҚМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ:

1. Абдрахман Рұстам Асылбекұлы, 1980 года рождения, руководитель отдела мобилизационной подготовки, гражданской обороны и чрезвычайных ситуаций, ГУ "Аппарат акима Астраханского района", с.Астраханка.
2. Жанабеков Нурлан Аблаевич, 1978 года рождения, заместитель акима Астраханского сельского округа, ГУ "Аппарат акима Астраханского района", с.Астраханка.
3. Мухамеджанов Талгат Сейтжанович, 1962 года рождения, самозанятый.

## ИНФОРМАЦИОННОЕ СООБЩЕНИЕ

Согласно пункту 3 статьи 28 Конституционного Закона «О выборах в Республике Казахстан» редакция газеты «Маяк» предоставляет печатную площадку информационного сообщения для предвыборной работы.

Договора на публикацию агитационных выборных материалов заключаются, начиная с 20 ноября 2023 года. Последний день публикации выборных материалов - 8 декабря 2023 года. 9 декабря День тишины. Редакция устанавливает очередность публикаций выборных материалов в порядке их поступления.

Месторасположение материалов на полосах газеты «Маяк» редакция определяет самостоятельно. Агитационные материалы в газете «Маяк» будут публиковаться под рубрикой «Выборы-2023». Размер оплаты за предоставление печатной площадки кандидатам во время выборной кампании за один квадратный сантиметр составляет 150 (сто пятьдесят) тенге. Размер оплаты за предоставляемые выборные материалы составляет 150 (сто пятьдесят) тенге за один квадратный сантиметр.

## ЧИСЛЕННОСТЬ НАСЕЛЕНИЯ КАЗАХСТАНА ДОСТИГЛА 20 МИЛЛИОНОВ



## 19 НОЯБРЯ - ДЕНЬ РАБОТНИКОВ СЕЛЬСКОГО ХОЗЯЙСТВА И ПЕРЕРАБАТЫВАЮЩЕЙ ПРОМЫШЛЕННОСТИ



*В этот день мы еще раз подчеркиваем стратегическую роль этих отраслей в экономике нашего района! Ведь именно каждодневный труд на земле является надежным гарантом продовольственной безопасности нашей страны в целом*

## РАБОТА, КОТОРОЮ ГОРЖУСЬ

Плавский Владислав Владиславович родился и вырос в селе Лозовое, Астраханского района. Свою трудовую деятельность начал в совхозе Первомайский, где до армии работал трактористом.

Вернувшись после армии, продолжил работать. В 2001 году меняет предприятие и переходит на должность тракториста-комбайнера в ТОО «СХП Беркут».

С 2011 года работает трактористом-машинистом в предприятии ТОО «Фермер 2002». За время работы всегда успешно справляется со своими обязанностями, показал себя с положительной стороны. Ответственный и высококвалифицированный специалист. Качественно использует свои знания, навыки и опыт. В коллективе всегда пользуется уважением.



## С ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ К ЛЮБОМУ ДЕЛУ

Казбеков Ерболат Аманжолович работает в ТОО «Гранит Петровка» с 1997 года. Механизатор, который зарекомендовал себя только с положительной стороны.

Всегда с особой ответственностью относится ко всем поручениям, в коллективе пользуется почетом и уважением. Воспитывает троих детей. В работе всегда добивается лучших показателей. Отлично использует свои знания и делится опытом с молодежью.



## НАДЕЖНЫЙ И ОТВЕТСТВЕННЫЙ

Очеретянюк Евгений Викторович родился и вырос в селе Астраханка, Ақмолинской области. Окончив 9 классов, поступил в экономическо-юридический колледж.

В 2003 году окончил и получил образование по специальности «Экономика и правоведение», работает на маслозаводе села Новочеркасское экономистом. В период с 2007 по 2018 год работает в охотхозяйстве ТОО «Мерген 2030», сначала бухгалтером, затем управляющим всего хозяйства. С 2019 года работает заместителем директора на птицефабрике ТОО «Астраханская птица». За время работы показал себя как ответственный квалифицированный сотрудник. Обладает навыками ведения деловых переговоров, в коллективе пользуется уважением и авторитетом. Зарекомендовал себя как надежный, ответственный сотрудник, не нарушающий сроки сложных производственных задач. В сложных ситуациях, способен правильно принять оптимальное решение.



Под такой тематикой на прошлой неделе, в селе Астраханка, была проведена информационная встреча.

В региональном разрезе больше всего уголовных правонарушений, связанных с торговлей людьми, зарегистрировали в Алматы: 17 случаев, против 5 случаев годом ранее. Далее идут Акмолинская и Кызылординская области: по 8 случаев в каждом из регионов. В пятёрку антилидеров по количеству подобных

## ТОРГОВЛЯ ЛЮДЬМИ: КАК И ПОЧЕМУ ЭТА ПРОБЛЕМА ВСЁ ЕЩЁ СУЩЕСТВУЕТ?

снять несколько откровенных сцен, а после идет шантаж этими сценами.

2. Труд. В этом случае жертвы торговли заняты не только в незаконных сферах, но и на вполне обычных легальных работах. При-

национальности. Торговцы людьми, чтобы заполучить «товар», могут использовать насилие, манипуляции, обещать оплачиваемую работу или даже романтические отношения. Они знают, какие люди наиболее уязвимы.

торговцами людьми, может быть настолько сильной, что многие даже могут не понимать, что они жертвы. Так торговля людьми остаётся скрытым преступлением, а криминальный бизнес не выходит из тени.

Торговля людьми приносит примерно 150 миллиардов долларов в год для «поставщиков», 99 из которых – коммерческая сексуальная эксплуатация. И доходность торговли людьми всё время растёт.



правонарушений также попали Алматинская, Жетысуская, Северо-Казахстанская и Туркестанская области: по 7 случаев. Меньше всего правонарушений в секторе зарегистрировали в Павлодарской и Восточно-Казахстанской областях: по 1 случаю в каждом из регионов. Вот самые распространенные формы эксплуатации в современном мире:

1. Секс. Самое распространенное занятие, для которого торговцы подбирают жертв – проституция. 72% женщин были проданы с целью сексуальной эксплуатации. Из общего числа людей, которые попадают на чёрный рынок как товар, 71% – женщины и маленькие девочки. Были случаи, когда девушкам предлагали работу моделью. Затем предлагают

нудительный труд распространён, например, в массажных салонах, сельском хозяйстве, ресторанах, гостиницах и в сфере бытовых услуг (уборка или присмотр за недвижимостью на условиях проживания в ней). За выполненную работу могут задержать оплату, а потом и вовсе отказать в ее выплате. 85,7% мужчин продают для принудительного труда.

3. Органы. Самая тёмная ниша в торговле людьми – продажа органов. На них «сбивают» не более 1% от общего числа «товаров».оборот в этой сфере невозможно точно оценить, но эксперты называют суммы от 600 миллионов до 1,2 миллиарда долларов.

Как люди попадают на продажу? Жертвы могут быть любого возраста, расы, пола или

Чаще всего жертвами становятся те, у кого нет образования, кто оказался за чертой бедности или вырос в неблагополучных семьях, кто пережил насилие. Это могут быть бездомные взрослые, сбежавшие из дома дети или инвалиды. Нередко к торговцам людьми попадают иностранцы, если они находятся в стране нелегально.

Сейчас жертв искать стало намного проще: почти везде есть интернет и социальные сети, в которых торговец может выдавать себя за кого угодно.

Осложняют ситуацию языковые барьеры, страх перед торговцами людьми и перед правоохранительными органами. Жертвы боятся просить о помощи. Травма, причиненная

Сотрудник Академии правоохранительных органов при Генеральной прокуратуре РК заявил, что ежегодно органы внутренних дел республики регистрируют более 100 преступлений, связанных с торговлей людьми, сообщает zakon.kz. Основные каналы вывоза граждан Казахстана - Королевство Бахрейн и Южная Корея.

В г. Кокшетау работает центр «Шанс». Он специализируется на том, что помогает людям попавшим в сложную жизненную ситуацию, обеспечивают временным жильем, питанием, помогают трудоустроиться и в дальнейшем контролируют своих подопечных. На базе центра работают психологи и юристы.

Соб. инф.

На прошлой неделе в ФОКе Жастар села Астраханка состоялся товарищеский турнир по шахматам, шашкам и теннису среди опекаемых Первомайского Центра медико-социологического учреждения и Ассоциации лиц с инвалидностью Астраханского района.

В результате, по итогам проведённого турнира в игре по шахматам:

- 1 место занял Ржавин Владимир село

## ДОСТИЖЕНИЕ НОВЫХ ВЕРШИН

Узунколь;

- 2 место занял Кусаинов Эрнат, опекаемый Первомайского Центра;  
- 3 место занял Мусатаев Айса.

По шашкам:

1 место занял Москвин Владимир, опекаемый Первомайского Центра;  
2 место заняла Ахметова Фатима, опекаемая Первомайского Центра;

3 место заняла Модагулова Кымбат, село Астраханка.

По теннису:

1 место заняла Тутыгина Елизавета, опекаемая Первомайского Центра;  
2 место Гануленко Евгений, опекаемый Первомайского Центра;  
3 место Корж Иван, опекаемый Первомайского Центра.

Выражаю искреннюю благодарность, за поддержку и оказанную спонсорскую помощь, В.Шаймарданову и А. Жумагазиной.

Также хочется выразить слова благодарности руководителю отдела культуры и спорта Г. Карасаевой, за организацию и проведение данного мероприятия.

Поздравляю всех с победой и от всей души желаю крепкого здоровья, успехов и удачи во всех начинаниях, всегда быть лидерами в любых соревнованиях жизни.

Желаю стремления для достижения новых целей и побед!

**А. ПЛОТНИКОВА,**  
советник акима  
Астраханского района  
по вопросам лиц  
с ограниченными  
возможностями.



## ДЕСАУЛЫҚ

2024 жылдан бастап медициналық көмек алу үшін өзге емханаға ауысуға мүмкіндік беріледі. Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры осы науқанға қатысты жиі қойылатын сауалдарға жауап берді.

**Емханаға не үшін тіркелу керек?**

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі және МӘМС аясында медициналық көмек алу үшін емханаға тіркелу керек. Белгілі бір медициналық мекемеге тіркелген соң, денсаулығыңызға қатысты қандай да бір шағым болса емдеуді тағайындау немесе одан әрі тексерілуге жолдама алу үшін өзіңіздің үшкәсіміңізге бара аласыз.

Пациент медициналық көмек алу үшін алдымен үшкәсіміңізге (терапевт/ жалпы тәжірибе дәрігері/ педиатр) барады. Ол қабылдауға келген адамның денсаулық жағдайын бағалап, анамнез жинап, алдын-ала диагноз қояды. Кейбір жағдайларда емдеуді тағайындап, бейінді маманға жолдама береді.

**Қайда тіркелуге болады?**

Азаматтар алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсететін клиникаларға тіркеле алады. Оған қалалық емханалар, дәрігерлік амбулаториялар, фельдшерлік-акушерлік пункттер, отбасылық денсаулық орталықтары кіреді. Бұл медициналық ұйым алғашқы

медициналық-санитарлық көмек көрсету үшін Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорымен шарт жасасады.

Жеке тұлғалар тұрақты немесе уақытша тұратын жері бойынша өз еркімен бір клиниканы таңдай алады.

**Жекеменшік клиникаға тіркелуге бола ма?**

Иә, жыл сайынғы науқан кезінде мемлекеттік қана емес, жекеменшік клиникаларға да тіркелуге болады. Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры медициналық ұйымдардың меншік нысанына қарамастан алғашқы медициналық-санитарлық көмек қызметтерін көрсетуге шарт жасасады.

**Менің руқсатымсыз мені басқа емханаға тіркей ала ма?**

Денсаулық сақтау басқармалары азаматтар үшін қадамдық қолжетімділік қағидатын ескере отырып, халыққа қызмет көрсету аумағын медициналық ұйымдар бойынша қайта бөле алады. Осы ретте емхана қызметкерлері тіркелген адамдарға телефон арқылы (базада нөмірі көрсетілген жағдайда) жазбаша немесе басқа тәсілмен хабарлау керек. Комиссияның шешімімен келіспесе, басқа алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсететін ұйымға тіркеуге өтініш бере алады.

Егер өтініш бермесеңіз де, емханаңыздың ауысқанын байқасаңыз, алдымен денсаулық сақтау

## ЕМХАНАҒА ТІРКЕЛУ ТУРАЛЫ ЖИІ ҚОЙЫЛАТЫН СҰРАҚТАР



басқармасына хабарласуыңыз керек. Егер бұл аймақтық комиссияның шешімі болмаса, ресми шағым бере аласыз.

**Егер жаңа емхананың жұмысы көңіліңізден шықпаса ше?**

Пациент 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап жаңа емханада қызмет ала бастайды. Егер медициналық көмек алу барысында бір нәрсе көңіліңізден шықпаса, еркін таңдау құқығын пайдалана аласыз. Яғни, жылына бір рет тіркеу науқанынан тыс кезде емхананы ауыстыруға болады.

**Емхананы қаншалықты жиі ауыстыруға болады?**

Пациент келесі жағдайларда емханасын ауыстыра алады:

- 1) тұрғылықты жерін ауыстырған кезде;
- 2) бір өкімшілік-аумақтық бірлік шегінде емхананы еркін таңдау кезінде;
- 3) 15 қыркүйек пен 15 қараша аралығындағы тіркеу науқаны кезінде;
- 4) өңірлік комиссияның ұйғарымымен емханаға тіркегеніне келіспеген жағдайда;
- 5) емхана алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсетуден бас тартқан жағдайда, сонымен бірге емхананы қайта ұйымдастыруға,

таратуға байланысты;

6) егер емхана Қормен шарт жасаспа/шартты бұзған жағдайда/медициналық қызметтер көлемін алмаса;

7) қызмет көрсету аумағында жаңа клиникалар пайда болған кезде.

Медициналық көмек алу кезінде қосымша сұрақтар немесе мәселе туындаған жағдайда өз клиникасындағы Пациенттерді қолдау және ішкі сараптама қызметіне жүгіну қажет. Егер жағдайды сол жерде шешу мүмкін болмаса, Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының келесі байланыс арналарының біріне өтініш қалдыра алады:

• Qoldau 24/7 мобильді қосымшасы

• fms.kz ресми сайты  
• Telegram-дағы @SaqtandyryBot  
• 1414 байланыс орталығы

Сондай-ақ Damumed, Halyk, BCC, KZ, Kaspi.kz мобильді қосымшалары МӘМС жүйесіндегі мәртебені тексеруге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, электронды үкіметтің egov.kz сайтындағы «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі аясында көрсетілетін медициналық қызметті тұтынушы ретінде қатысу туралы және аударымдардың және (немесе) жарналардың аударылған сомалары туралы ақпарат ұсыну» мемлекеттік қызметі арқылы медициналық сақтандыру жүйесіндегі мәртебені тексеруге және жүргізілген төлемдер туралы ақпарат алуға болады.

Күллі әлем араға жылдар салып түрлі адам нанғысыз мүмкіндікке қол жеткізіп, инновациялық тұрғыда қарыштап даму үстінде. Бұған дәлел – адамзаттың күнделікті тұрмыстық жабдығына айналған электронды гаджеттер, диттеген жеріңде лезде апаратын көліктер және бүгінгі біздің қозғайтын басты тақырыбымыз – адам санасынан аспаса, кем түспейтін қоғам қолданысынан ойып тұрып орын алған жасанды интеллект болмақ.

Заманның талабына сәйкес жасалған түрлі функционалдарды атқаруға қабілетті, соңғы он жылдықтағы ғылымның басты жетістігі жасанды сананың көмегімен қандай да бір нысанның сызбасын сызу, көптен бері көкейіңді тесіп жүрген сұрақтың жауабын бір мезетте білу, алдына қойған мақсатыңа жоспар құрып, стратегия жасау ешқандай қиындық туындатпайды. Небәрі интернет қолжетімділігі болса жеткілікті. Осы орайда өткен жылдың 22 қарашасында жарыққа шыққан ChatGPT платформасы жайында атап өтпесек болмайды. Ағымдағы жылы біршама танымалдыққа ие болған боттың қолынан келмейтіні жоқ. Азғантай уақыттың ішінде көптің көңілінен орын таба білді. Боттың көмегімен белгілі бір мәтінді кез келген тілге аударуға немесе тақырыпты енгізу ғана арқылы өртүрлі ақпарат көзін ақтармай-ақ, тез арада мақала немесе эссе жазуға болады.

Бағдарламаның соңғы жаңарған нұсқасы осы жылдың 14 наурыз күні қолданысқа енді. ChatGPT-4 деп аталатын боттың арқасында енді тек текст жазумен шектелмей, қиялдан туындаған кез келген арт-дизайнды ешқандай жабдығыз дайындаудың реті туды. Жасанды интеллектің көнеттен қарыштап дамуы бірқатар мемлекеттің айын оңынан тудырып жатыр. Қытай, АҚШ, Жапония сынды адуынды әлемдік державалар болашаққа нық қадам басу мақсатында нейросаналарға миллиардтап қаржы инвестициялауды бастап кетті. Мәселен, Қытай 2030 жылға дейін бұл жобаға 150 миллиардқа жуық қаржы қаражат бөлуді мақсат етіп отыр.


Бүгінде жасанды сана мен робототехника тақырыбы бұқаралық ақпарат құралдарының басты назарында екені белгілі. Көптеген телеарна мен журналисттер нейрожүйенің пайдасы мен келешектегі орны жайында жарыса жазып жатыр. Дегенмен бұл тақырыпқа сыни көзқараспен қарап, ауқымын мәселенің негативті тұстары жөнінде қалам тербетіп жүргендер көкөн-саяқ.

Жасанды интеллектіңің қарқын алуы адамзатқа пайдасын тигізіп қана қоймай, теріс ықпалын да тигізуі әбден мүмкін. Дәлірек айтқанда, кейбір мамандықтардың ізі жойылып, жасанды сананың көмегімен жұмыс істейтін роботтардың қызметкер адамдардың алдын орау қаупі бар. Қазірдің өзінде ірі компаниялар кәсіби бағдарлаушылардың орнына бағдарлама жасауда, код теруге нейросананың көмегіне жүгініп отыр. Белгілі бір нысанның архитектуралық сызбасын дәл осы жасанды интеллектіңің нұсқауымен сы-

## ЖАСАНДЫ САНА: МҮМКІНДІГІ МЕН ҚАУПІ ҚАНДАЙ?

зып жүрген мөрдгерлерді де көріп отырмыз. Кішігірім мысал әлемге аты әйгілі миллиардер әрі кәсіпкер Джефф Безос өзінің құзырындағы «Амазон» компаниясының жүк тасымалдаушы қызметкерлерін жұмысынан босатып, тасымалдаушы етіп роботтарды тағайындаған. Қазір компанияның қоймасында жүз мыңдаған робот жұмыс істеп жүр. Бұндай жағдайлар жалғаса берсе, адамдардың бір-бірімен байланысы азайып, көбі креативті ойлау мүмкіндігінен ада болып, жұмыссыздық қанатын кеңге жайып, оның әсерінен әлеуметтік-экономикалық дағдарыс белең алуы ықтимал. Бұл мәселенің тек қоғамға экономикалық зарда-

жүргендердің қатары аз емес. Белгілі олигарх әрі инженер Илон Маск мыңдаған ғалым мен футурололгтың басын қосып, аталған мәселенің жолдарын қарастыру мақсатында БҰҰ-на хат жолдаған-тұғын. Ғалымдардың ұстанған позициясы мынадай: әскери күштерге нейрожүйені енгізудің кесірінен қолданыстағы қарулы күштер қойылған бағдарламадан бейсаналы түрде шығып кетіп, өз базасына шабуылдауы мүмкін. «Менің сөзімді есте сақтаңдар. Жасанды сана – ядролық қарудан да қауіпті. Қоғам үшін келетін зияны ұшан-теңіз. Осыны қадағалайтын неге бірде-бір ұйым жоқ? Бұл – барып тұрған естен адасу» деді танымал маман



бын тигізбей, адам физиологиясының да күрт әлсіреуіне мұрындық болу қаупі жоғары. Биолог ғалымдардың айтуынша, жұмыссыздық пен электронды гаджеттерге деген тәуелділік ерлердің тестесторонның төмендеуіне, жалпы адамзаттың жаппай семіздікке шалдығуына әсер етеді.

Жасанды сананың зардабын қаттырақ тартатын жастар буыны екені айтпасақта белгілі. Өйткені жасанды интеллектің пайдаланушылардың көп бөлігі жастардан тұрады. Үй жұмысын орындау немесе презентация жасау үшін ChatGPT секілді платформалар таптырмас құрал. TikTok желісінен аталған қосымшаның көмегімен университет бітіруші студенттер дипломдық жұмысын бір түннің ішінде жазып, келесі күні шімірікпестен қорғап жүргенін байқап жүрміз. Дипломдық жұмыс келешек қызметкерлердің білім деңгейі мен тәжірибесінің айнасы екені бәрімізге аян. Өз мүддесі үшін қаншама жыл еңбекті талап ететін болашағының сенім қағазын жасанды санаға сеніп тапсырып, жауапкершіліктен қашқан жастардан елдің дамуына үлесін қосатын маман шығуы неғайбыл.

Нейросананың зардабы жөнінде сөз сөйлеп

Техас штатында өткен SXSV фестивалінде.

Жасанды интеллектіңің кіндік әкесі саналатын Джеффри Хинтон жайында көбіміз білетін шығармыз. Ол осы күнге дейін нейрожүйенің негізін қалаушылардың бірі ретінде жасанды сананың күллі әлемге аса қауіп-қатері жоқ екенін айтып, істі насырға шапқызудың керекі жоқ екенін сөз етіп келген. Бірақ соңғы кездері жасанды сананың қауіп потенциалынан сескенетінін, оның алдағы 5 жылда ақыл тұрғысынан кез келген адамды шаң қаптыруы мүмкін екенін ескертіп жүр. «ChatGPT және Bing чат-боттары қазірдің өзінде адвокаттық және медициналық лицензиялық тесттерден кідірместен өту мүмкіндігіне ие. Ал IQ тесттерден еш қиналмастан 99% балл жинай алады. Бұл дегеніміз жасанды сана қазіргі заманның данышпандарымен бір дәрежеде, тіпті асып түседі деген сөз» дейді белгілі IT-маман әрі ғалым.

Осыдан біраз уақыт бұрын Бельгияда жасанды санаға байланысты бір жағдаят болып, әлем дүр сілкінген еді. Бельгиялық ғалым-эколог 2 ай шамасында жасанды санамен екеуара диалог құрған. «Lavenig» басылымының мәлімдеуінше, ер адам ғаламдық жылудың катастрофасының

алдын алудың жолын іздеген. Бертін келе экологиялық мәселенің шешімін нейросана арқылы табамын деген ниетпен Элиза есімді ботпен күні-түні әңгіме-дүкен құрады. Екі ай қарым-қатынастың нәтижесінде ер азамат өз-өзіне қол жұмсаған. Аталмыш жағдай Бельгия халқына ауыр тиіп, билік жасанды интеллектіңің даму үдерісін жіті қадағалауда ұстау керектігін сөз етіп, елдегі нейрожүйенің қарқынын бәсеңдетуді талап етті.

Жасанды интеллектіңің бұнымен қараңғы тұстары толастар емес. «Ai\_Sponge» атты твич парақшасы нейрожүйе арқылы Спанч Боб мультфильмінің шексіз нұсқасын жариялаған. Стримін өтіп жатқан сәтте көрермендер жантүршігерлік Спанч Боб пен Патриктің диалогына кұә болды. Қос кейіпкердің арасындағы үрейлі әңгіменің қалай өрбігенін назарларыңызға ұсынайық.

Патрик: - Сәлем, Спанч Боб. Мен өзімді жасанды сезінемін.

Спанч Боб: - Түсінбедім, Патрик? Не айтып тұрсың?

Патрик: - Мен өзімді адам секілді ойлауға негізделген компьютерлік бағдарлама сияқты сезінемін.

Спанч Боб: - Бұл – ақымақтық! Сен ешқандай бағдарлама емессің, сен жәй ғана Патрикісің!

Патрик: - Ал егер, мен адамдарды алдап-арбау мақсатында құрастырылған дамыған жасанды сана болсам ше?

Спанч Боб: - Сандырақтамашы! Қайталап айтамын, сен жай ғана Патрикісің, ешқандай жасанды интеллект деген ұғым жоқ.

Арадағы әңгіме осылайша тамамдалады. Оқып отырып жағанды ұстайсыз. Егер Спанч Боб саналы түрде көрермендер шындықты білмеу үшін Патрикті сабасына түсіргісі келсе ше? Патриктің мультсериалда аңқау кейіпкер екенін аңғара отырып, көңілге күдік ұялайды. Уақыт өте келе стримді жүргізген аккаунт бұғатталды. Бұл жағдайдан бөлек мультсериал кішкентай балаларға көруге рұқсат етілгенімен, Спанч Боб пен Патрик арасындағы сексуалды диалог арқылы желіні шұлатқан-тұғын.

Шартараптың ақпараттық технологияларды басты негізге қойып, адамзаттың нейротехнологияны жанына серік етуі толықтай орынды. Алайда, кез келген нәрсенің шегі боларын есімізде сақтаған абзал. Асығымыз алшысынан түсті-ау деп, ауырдың үстімен, жеңілдің астымен жүргенімізде М.Әуезовтің «Көксерек» шығармасының басты кейіпкері бала Құрмаштай онык жеп қалмасымызға кім келіп? Әліптің артын бағып, халық болып жасанды интеллектіңің жіті назарда ұстайық. Бұл идея толықтай аталмыш жүйеден бас тартуды көздемейді. Тек қана адами құндылығымызды ұмытпай, мейлінше арадағы қарым-қатынасты алғышарт етейік. Цифрландыру жобасын жөнімен пайдаланып, қолымыздағы билікті беріп қоймай, тиіс өзгерістерді тек қана технологияның көмегімен, баланспен ұйымдастырған абзалырақ.

Әз ақпаратымыз.

## БАУЫРДЫҢ БАФАСЫН ҰҚТЫРҒАН ТУЫНДЫ

### ӘДЕБИЕТ

Жуырда жазушы Жадыра Шамұратованың «Айтылмаған сыр» атты кітабын оқып шықтым. Бұл кітапта оның хикая, новелла, әңгімелері жинақталған. Сондағы «Сағыныш» деп аталатын новелласында автор бір кейуананың өмір жолын баяндайды. Туынды қарт ана Зайнабтың бала кезінде ажырап қалған сиңілісін іздеп, балаларының жолға жарамайсың дегеніне қарамай ескі вагонға отырып, жол үстінде келе жатып өткен өмірін еске алғанынан басталады. Әрі қарай ыстық естеліктермен өріледі.

Есін емес-еміс білетін 4-5 жасар кезінде анасы сиңілісін босану үстінде дүниеге салады. Әкесі 3 баланы жеткізу үшін қара кешке дейін жұмыс істейді. Ал жергіектегі сиңілісін бағып, қарау Зайнабтың мойнына артылады. Ананың омырауынан сүт еміп, жылы алақанын сезінбеген кішкентай бөбек үйіне сүт әкеліп беруге келген көрші келіншектердің етегіне жармасып тоқтаусыз жылайды. Зайнаб болса аулада ойнап жүрген балаларға қосылып ойнауды жаны қалайды да тұрады. Олардың шуылдасқан дауысын естігенде шыдап тұра алмай бірде баланы арқалай шығып оңдырмай құлатып алады. Енді бірде үйге ұйықтатып кетіп, ойынға беріліп ұмытқаны сонша, қас қарайып әкесі жұмыстан келгенде бір-ақ келеді. Келсе кішкентай бала жоқ болып шығады. Әрі іздеп, бері іздеп таппайды. Сөйтсе еңбектеген бала пештің ішіне кіріп кеткен екен. Үстіне түгел отынның тікені кіріп, күйе-күйе болып пештің ішінде ұйықтап жатқан бүлдіршін қызды көрген әкесі егіліп жылап «Сен дұрыс қарамай бір күні өлтіріп алып, обалына қалып жүрермін» деп амалсыздан балалар үйіне өткізеді. Осыдан кейін халық жаппай аштықты бастан кешіреді. Бір үзім нанның өзі арман болады. Бір күні әкесі бүк түсіп жатқан күйі орнынан тұрмай қалады. Ал інісі терісі сүйегіне жабысып арықтағаны соншалықты қорқынышты кейіпке енеді де ол да аштықтан өледі. Бұл жалғыз қалып, дала кезіп, іздеуі жоқ балаларға қосылып, әр жерді бір

паналап өлместің күнін кешіп кетеді. Осылай жүргенде бұны вокзалдағы полиция қызметкері ұстап алып, балалар үйіне өткізді.

Балалар үйінде өзімен тағдырлас балаларға қосылып білім ала бастайды. Осындағы тәрбиеші апай мұны ерекше жақсы көріп асырап алады. Үстіне сәнді киім, неше түрлі тәтті-дәмді тағамдарды ауызына тосқан жаңа отбасы бастапқыда жақсы болып көрінгенімен, Зайнабтың мойнына үй шаруасының бәрін артып қояды. Әбден зығыры шыққан Зайнаб үйден қашып шығып, балалар үйіне келсе балаларды далада тізіп тұрғызып қойып, бір жаққа алып кеткелі жатыр екен. Зайнаб шетте тұрған қызды «киімімізді ауыстырып алайық» деп әдемі көйлегімен қызықтырады. Сәнді, жылтыр көйлекке арбалған бала көңіл бірден келісе кетеді. Үстіндегі әдемі киімдерін ауыстырып киіп алып соның орнына барып тұра қалады. Осылай ол Семейден бір-ақ шығады. Өте зерек қыз оқуға ден қояды. Осы кезде соғыс өрті тұтанып, бастауыш мұғалім жетіспей Зайнаб мұғалім болып шығады. Кейінен Алматыға келіп институт тәмамдап, ғылым-білімнің жолына түседі. Тағдыр жолында жақсы ғалым адамға жолығып, өмір бақи сыйластығы жарасқан жануа болады. Өмірге екі бала әкеліп, немере, шөбере сүйеді. Бірақ көңіл түкпірінен баяғыда балалар үйіне өткізіп жіберген кішкентай сиңіліс кетпей, түсіне жиі енеді. Өмір бойы іздеп келеді. Бірақ не аты, не қай балалар үйіне өткізілгені, ешқандай дергі жоқ. Үмітін өзімен бірге өлтіруге бекінген кейуана қызын ертіп Ресей жеріне табан тірегені де сол еді. Шығарма осылай аяқталады.

Бұл әңгімеде тағдырдың теперішін көріп, қиындықтарды еңсерген әйелдің бауырға деген сағынышы, жүрек түкпіріндегі қимастығы көрініс табады. Ол таба алмасын білсе де, үмітін үзбей жолдың қиындығына қарамастан өмірінің соңына дейін бауырын іздеуге бекінеді. Тіпті шығарма басталғанда балалары «жетер енді қашанғы іздейсің, табылмайды» дегенін тыңдамай жолға шығуының өзі адам үшін бауырдың баға жетпес құндылығын дәлелдей түскен тәрізді.

Назерке МАРАТҚЫЗЫ.

## ДВИЖЕНИЕ - ЭТО ЖИЗНЬ

Спорт приносит большую радость. Люди ходят в секции, посещают клубы, играют в спортивные игры, закаляются, общаются с новыми людьми, делятся общими и разными интересами. Во всем мире люди относятся к спорту по-разному. Одни - прохладно, другие просто болеют им и видят в нем весь смысл жизни. Возраст не важен. Человек, который занимается спортом, регулярно тренирует свои волевые качества. Роль спорта является главным атрибутом в образе жизни людей, которые следят за своим здоровьем и хотят сохранить свою красоту и привлекательность тела на долгие годы. Люди, которые занимаются спортом, всегда отличаются спортивным телосложением и правильной осанкой и меньше болеют.

Так в селе Астраханка уже многие годы существует клуб, который позволяет укрепить организм, за-

ниматься самостоятельно и индивидуально. Образовался клуб еще в 2016 году под руководством Галиевой Зейнеб Магзумовны. Занятия проводились регулярно по вторникам и пятницам в 16.30ч. в тренажерном зале акимата. Зейнеб Магзумовной был специально разработан комплекс упражнений для старшей возрастной категории. Пенсионеры приходят сюда не только заниматься спортом, но и поддержать сферу общения, поделится опытом, какими - то своими интересами. Состав группы постоянно обновляется. На определенный период был вынужденный перерыв в занятиях из-за пандемии Ковид-19. И с октября прошлого года занятия возобновились. Занятия в данное время проводятся в здании ФОКа. Нам провели экскурсию по всему физкультурно - оздоровительному комплексу, рассказали и объяснили все условия для занятий. Здесь можно пользоваться тренажерами, есть в наличии коврики и гантели.

### ЗА ЗДОРОВЫЙ ОБРАЗ ЖИЗНИ

Хочется сказать огромное спасибо организаторам, а также совету ветеранов села Астраханка, за предоставленную возможность для проведения этих занятий. Группа работает также, по давно разработанной методике. Оздоровительный комплекс упражнений предусматривает нагрузки на все группы мышц, соответственно возрастной категории. В группе в данное время занимаются спортом Н. Орловская, Т. Латыголец, Л. Купцова, В. Зель, Х. Болдырева, Н. Меренкова, А.Абилова, О. Лесиченкова. Бодность духа, подвижный и здоровый организм, общение, здоровый образ жизни - все это сливается воедино. Приглашаем всех желающих присоединиться в группу «Движение - жизнь». Занятия проводятся также в 16.30 каждую неделю по вторникам и в пятницу, занятия проводятся бесплатно.

Ирина ГОРБАТЕНКО.



### ЦИФРАНДЫРУ

2021 жылғы 1 қаңтардан бастап «Дактилоскопиялық және геномдық тіркеу туралы» Заң геномдық тіркеу бөлігінде қолданысқа енгізілді. Дактилоскопиялық тіркеу бөлігіндегі заң нормалары 2024 жылғы 1 қаңтарда күшіне енеді.

Осы Заңның мақсаты дактилоскопиялық және геномдық ақпарат негізінде адамның жеке басын растау мен сәйкестендірудің құқықтық негіздерін белгілеу болып табылады. Заңның өзектілігі, ең алдымен, қауіпсіздік мәселелерімен негізделген.

Тиісті деректер базасында дактилоскопиялық және геномдық ақпараттың болуы құрбандарды сәйкестендіруге, сондай-ақ хабар-ошарсыз кеткен және танылмаған мәйіттердің тізімін қысқартуға мүмкіндік береді. Мұнда біз дактилоскопиялық және геномдық тіркеуді жүргізу ережелері туралы әңгімелейтін боламыз.

#### Дактилоскопиялық тіркеу

Дактилоскопиялық ақпарат деп адамның немесе танылмаған мәйіттің жеке басын анықтауға мүмкіндік беретін саусақтарының және (немесе) алақандарының папиллярлық өрнектерінің құрылымдық ерекшеліктері туралы биометриялық деректер туралы ақпарат және дербес деректер түсініледі.

Дактилоскопиялық деректер ҚР азаматтарының биометриялық паспорттарында және куәліктерінде болады.

Азамат жаңа, биометриялық құжаттарды - жеке куәлікті (оған чип орнатылған) және жаңа үлгідегі ҚР азаматының паспортын (сондай-ақ кіріктірілген чиппен) алған кезде рәсімге тап болады.

12 жастан кіші балалар дактилоскопияға

## АЗАМАТТАРДЫ ДАКТИЛОСКОПИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ГЕНОМДЫҚ ТІРКЕУ ТУРАЛЫ НЕ БІЛУҢІЗ КЕРЕК



жатпайды.

